



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

Д. Байгужина

Приозерск қаласы

№ 95

город Приозерск

Тамақтану сапасын бақылау бойынша бракераж комиссиясын құру туралы

ҚР ДСМ 05.08.2021 ж. №ҚР ДСМ-76 "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығы және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» №598 бұйрығына бұйрығы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Тамақтану сапасын мониторингілеу жөніндегі бракераж комиссиясының құрамы 1-қосымшаға сәйкес бекітілсін.
2. 2023-2024 оқу жылына арналған тамақ сапасын мониторингілеу жөніндегі бракераж комиссиясының жұмыс жоспары бекітілсін. (2-қосымша)
3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау әлеуметтік педагог Д.Байгужинаға міндеттелсін.

Директор



П.Жумаханова

Бұйрықпен таныстым:

Д. Байгужина

Д.Байгужина

000651



БҰЙРЫҚ

Приозерск қаласы

ПРИКАЗ

№ 911

город Приозерск

Оқушыларды ыстық тамақпен қамтамасыз ету туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурыздағы № 320 «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қаулысына, Қарағанды облыстық мәслихатының 2020 жылғы 10 желтоқсандағы XLIV сессиясының «2021-2023 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» №588 шешіміне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №598 «Мемлекеттік орта білім беру ұйымдарында, мектептен тыс қосымша білім беру ұйымдарында білім алушыларды тамақтандыруды ұйымдастыру, сондай-ақ мемлекеттік мектепке дейінгі ұйымдарда, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында тәрбиеленетін және білім алатын балаларды тамақтандыруды қамтамасыз етуге байланысты тауарларды сатып алу қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 17 ақпандағы № ҚР ДСМ-16 «Қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына және Қарағанды облысы Білім басқармасының 2023 жылғы 11 тамыздағы №411 бұйрығы, Приозерск қаласы білім бөлімінің 2023 жылғы 16 тамыздағы №99-1 бұйрығына сәйкес

БҰЙЫРАМЫН:

1) 2023 жылғы 1 қыркүйектен бастап жергілікті бюджет қаражаты есебінен тамақтанатын 1-4 сынып білім алушыларын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысымен көзделген бюджет қаражаты шеңберінде тамақтанатын 5-11-сынып білім алушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету бойынша жұмыс ұйымдастырылсын.

000649

